

«Сейфуллин оқулары – 18(2): « XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.III. Ч.I. – С.43-47

ТЕХНИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

*Акрем Бекзат. 1 курс студенті
Нұржанова А.С., ф.ғ.к. доцент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Терминдер ғылым – білімнің бір саласына тән болып келеді. Кейбір термин ғылымның бірнеше саласында кездесуі мүмкін. Жеке бір ғылымның өзіне тән негізгі терминдері мен терминологиясы болады. Жалпы, терминге берілген анықтамалар да әр түрлі.

Термин – (лат. **Terminus** деген сөзі, қазақша мағынасы – бір нәрсенің шегі, шекара) шекаралық белгі. Терминдер – ғылым мен техника, мәдениеттің әр саласына қатысты белгілі бір ұғымды дәл білдіретін арнаулы сөздері. Терминдер – нақты бір ұғым атауы. Терминдердің лексиканың басқа түрлерінен басты айырмашылығы олар көп мағыналы емес, бір ғана нақты мағыналы болып келеді: оларда эмоционалды бояу, экспрессивті – стилистикалық қызмет болмайды [1]. Демек, терминдер туралы ұсынылып жүрген анықтамалар әр түрлі болса да, түптеп келгенде терминдер - белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика - сөздер мен сөз тіркестері екен. Кез келген ғылым саласы белгілі бір жүйеге бағынады десек, ғылым салаларының тілі- терминология тіліне де жүйелілік тән. Салалық терминология өз саласындағы негізгі ұғымдар мен атауларды жинақтай отырып, сол ғылым саласының терминологиялық құрылымын құрайды. Терминдердің өзіне тән белгілері бар.

Олар мыналар:

1.Терминдер жүйесі жалпы әдеби тілдің ғылым тілі деп аталатын функционалдық бөлшегіне жатады. Сондықтан терминдер ғылыми ортада қолданылып, ғылыми әдебиеттерде пайдаланылады. Бұл - терминдердің функционалдық ерекшелігі.

2.Егер терминдік атау осы функционалдық ортадан басқа стильдік топта қолданылса, термин болудан қалады;

3.Терминдер лексика семантикасы жағынан ұғымға байланып берілгендіктен дара мағыналы болады;

4. Терминдер жалпы сөздерден таңбалылықтың басқа түріне жатады, сондықтан термин мен оның білдіретін ұғымдары арасында басқа сөздерде бола бермейтін сәйкестік бар. Бұл әсіресе, интернационалдық терминдерде айқын көрінеді. Осы сәйкестік тілдік таңбаға өзгеше таңбалық белгі қосып, оны терминге айналдырады.

Ғалымдар ұсынған жіктелім бойынша терминдердің жасалу жолдары:

Семантикалық тәсіл.

Морфологиялық тәсіл.

Синтаксистік тәсіл.

Морфологиялық-синтаксистік тәсіл. [2]

Семантикалық тәсіл сөздің жалпы қолданыстағы мағынасының терминденуі, кеңеюі, метафоралануы – жалпы қолданыстағы сөздің арнаулы білім саласында жаңа ұғымда жұмсалуды. Бұны терминдену процесі деп те атайды.

Салалық терминдерді жасауда, ең алдымен, қазақтың төл сөздердің, бұрыннан бар байырғы лексикалық тіл байлығын қолданудың ерекшелігі мол. Бұрыннан келе жатқан халық тілінің мол байлығын, оның сан алуан салаларға тән лексикасын жинақтап, сол арқылы тіл байлығымызды молайту, сөз қолданысымыздың аясын кеңейту, ғылым тілін жетілдіру тіл жанашырлары үшін үлкен мақсат болып отыр.

XX ғасырдың басында-ақ, ғылым мен техника дамып, түрлі жаңалықтар мен жаңа ұғымдар, жаңа атаулар ене бастағаннан, А.Байтұрсынұлы сияқты ірі ғалымдарымыз жаңа терминдерді қабылдауда төл тіліміздің байлығын пайдалануды көздеген. Ғалым: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтты. Басқа түріктер әдеби тілі араб, парсы сөзімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдеріне пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз ана тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілінің ауылдағы хат білетін, білмейтін қайсысына болса да түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырмасы үшін шет ел сөздері амалсыз болған жерде ғана алынатын тәртіп қолданды,»- [3] деп, кірме сөздерге дәл баламалар іздеді.

Семантикалық жолмен төл сөздерімізбен жасалған техника тіліндегі дара терминдер —*күш (сила), қуат (напряжение), тегеурін (мощность), шүмек (кран), кескіш (зубила), желі (система, цепь), екпін (напор), оңашалау (изоляция), үйкелу (трение), тұтқырлық (сопротивление), жұмырша (катушка), мырыш (алюминий), сілті (щелочь)* т.б. сөздер.

Ө.Айтбайұлының: "Негізінен, семантикалық тәсіл терминологиялық жүйені жасаудың алғашқы кезеңіне тән. Неге десеніз, ғылым мен техниканың қанат жайған қазіргі жағдайда терминжасамның басқа сөз тіркесін, сөз біріктіру, қосымшалы түрлері белең ала бастағанын дәлелдейтін дерек көп. Соған қарамастан, семантикалық тәсіл өзінің термин жасаудағы өнімділік қасиетінен сәл болса да тежелі түскен тәрізді" [4] деген пікіріне терминология дамуының уақыты төреші.

Семантикалық тәсілмен салыстырғанда өнімді қолданылып жүрген тәсіл –**морфологиялық тәсіл**. Түбірге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын бұл тәсіл арқылы жасалған жаңа терминдер сан жағынан өте көп. Мәселен, техника саласындағы тежеуіш (тормоз) термині - уыш/-уіш

жұрнағы арқылы жасалған. Мұндай терминдер көп кездеседі. Олар көбіне еңбек құралдары мен техника тетіктеріне, машина саймандарына етістіктен шығарып ат қоюда неғұрлым қолайлы екені байқалады. Мысалы: *ҰНГУШ* машина, керн *ҚАБЫЛДАУЫШ*, *ҚОРҒАУЫШ* қақпақ. Қазақ тілінің сөз жасау жүйесіндегі өнімді жұрнақтар шы/-ші. Бұл тұлғалар адамның кәсібі, мамандық иесі, қимыл иесін байқататын ішкі құрылымдық мағынасымен ерекшеленеді. Олардың бұл мағыналары өзгеріссіз қалады да, тіркесу қабілеті бар кез келген сөздерге жалғанғанда сол - иелік қалпында қалады. Алайда техника терминдерін жасауда бірнеше терминдер жасайды: жүргізуші, МОТОРШЫ, РЕТТЕУШІ, ӨНДЕУШІ, ТАСЫМАЛДАУШЫ, ТҰТЫНУШЫ. Бұлар көбіне әрекет иесінің атауын білдіреді.

Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл - түбір я туынды сөздерге қосымшалар жалғау арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі екендігі белгілі. Мәселен, қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық т.б. өзгерістер тілдегі көптеген терминдердің, атаулардың пайда болуына себеп болады. Демек, жаңа сөздердің көшпелілігі түрлі жұрнақтар арқылы жасалған немесе шет тілінен сөз ауысу арқылы енген сөздер болады. Бұл тұста да қазақ тіліндегі қосымшалардың өзіндік үлес салмағы бар. Мысалы, қазақ тіліндегі мынадай термин жасаушы жұрнақтар орыс тіліндегі төмендегі жұрнақтарға балама болады: -ғыш (-гіш), -қыш (-кіш): ка (-ЛКА); майдала-ғыш - дробилка, ез-гіш - давилка; араластыр-ғыш - мешалка.-ЕЦ; КЕС-КІШ (резец); қырқ-қыш (руб-ец).-ок; қыр-ҒЫШ (скребок) т.б. Сондай-ақ -ҒЫШ жұрнағы шығу төркіні жағынан халықаралық болып келетін терминдердегі сөз тудырушы - ТОР жұрнағының да орнына жұмсалады. Вибратор – дірілдет/ кіш, регулятор – ретте/гіш.

Синтаксистік тәсіл. Синтаксистік тәсілмен термин жасаудың амалы сөз тіркесу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Терминолог Б.Қалиұлы терминологияның қай саласында да болмасын тіркесті терминдердің сөз жасамдағы маңызы өте зор екенін айтса, профессор Т.Сайрамбаев тілдегі термин жасау процесі «сөз тіркесінің күрделенуінің жаңа формаларын, жаңа мағыналық тобы мен құрамын туғызып отыр» [5] деп терминжасамындағы сөз тіркесінің ролін айқындайды.

Әдеби лексика ғылым тілінің негізін құрайтын болса, сөзжасам жүйесін грамматика құрайды. Дегенмен әрбір сала терминдерінің ғылыми-техникалық ұғымды білдірудегі ерекшелігі, әдеби тілден айырмашылық тұстары кездеседі.

А.А.Реформатский: «Термин емес сөздердің мағынасы контексте ашылуы керек те, ал термин сөздер контекске тәуелді емес дейді [6]. Техника терминдері екі сыңарлы үш, төрт сыңарлы болып келеді. Және де олардың әр компоненті жеке тұрғанда терминдік мәнге ие бола алмайды- Тіркесіп келгенде ғана біртұтас ұғымды білдіріп, терминдік сипатқа ие болады. Мысалы: ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР, БЕРІКТІК ҚОРЫ, ТҰТАНДЫРГЫШ ПІЛТЕ, ШЕКТІК ҚЫСЫМ, ТОК, ЖЕЛІСІ, , ЖАНАР МАЙ, ЖАҒАР МАЙ Т.Б.

Синтаксистік тәсіл бүгінгі терминжасамда өте көп қолданылады. Әсіресе басқа тілден енген терминдерді аударуда кеңінен пайдаланылып жүр. Бұл тәсілде калька әдісі басымдылық танытып отыр.

Дүние жүзі халықтары әлемдік өркениет жағдайына жету үшін бір - бірімен мәдениет үлгілері жетістіктерін аударма жасау арқылы байланысып, қарым - қатынаста болады. Қазір бұл үрдісті жаһандану саясатымен түсіндіріп жүр. Ал түрлі әдебиеттерді /ғылыми, көркем шығарма/ аударудың бізге белгілі бірнеше амалдары бар. Осылардың ішінде калька -сөзбе-сөз аудару тәсілі сөздің немесе сөз тіркесінің ішкі мағынасын дәлме-дәл сол күйінде аудару. Калька тәсілі сөзжасамның бір жолы және тілдің сөздік құрамын байытудың бір көзі деп есептелінеді.

Ана тілінің мүмкіншілігін пайдаланудың жолы калька тәсілі десек, техника лексикасындағы, яғни орыс не шет тілдерден енген сөздерді тұлғалық /құрылымдық/, мағыналық жағынан сөзбе-сөз аударуды былайша көрсетуге болады: Горючо-смазочный маслы- жанар жағар майлар, автотұрақ — автостоянка, автожуғыш — автомойка, автожол - автодорога құрғақ газ — сухой газ, қайнау — кипение, қыздырғыш — подогреватель. Терминдерді қабылдау, аудару ісінде жүйелілік, бірізділік аз, әркім өз білгенінше аударды. Терминдерді дұрыс аудару, бір ізге салудың маңызы өте зор, ол бірнеше ұрпақтың ғылыми сауатына әсер етеді. Ең алдымен, техника терминдері төл және кірме термин деп басты екі топқа бөлінеді. Кірме терминдердің көпшілігі латын, грек, француз және орыс сөздері болып келеді. Ол терминдер тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемделінбей, орыс тіліндегі қалпын сақтайтын нұсқалары да жиі кездеседі. Төл тілімізде бұрыннан бар түбір терминдеріміздің орны айрықша екені байқалады. Олай дейтініміз, бұл сөздер жалпы қолданыста және терминологиялық шеңберде кеңінен қолданыла отырып, жаңа терминдердің жасалуына ұйтқы болады. Түбір терминдер бірнеше ғылым саласына ортақтығымен де ерекшеленеді.

Сонымен, техника тіліне талдау жасай келе, төмендегідей ерекшеліктерді байқаймыз: Техника терминдерінің қатарында дүние жүзілік шеңберде қолданылып, бір ортақ ұғымды білдіретін интерноционалдық терминдер бар. Мысалы: крекинг, мазут, парафин, газ, конденсат, каратаж, фильтр, пластмасса, форма т.б. Калька - тілдің сөзжасам жүйесін, үлгісін байытудағы терминдер мен терминдік тіркестерді жасаудың бірден-бір өнімді тәсілі. Біздің төл тіліміздің мол байлығы, сөздік құрамы жаңа термин жасауға негіз болып, сарқылмас байлық көзіне айнала беруі қажет. Қазақ тілінің сөздік қоры, лексика-грамматикалық жасалу тәсілдері аталмыш ғылымның қажетінен шығып, толық кәдесіне жарап жатыр деп айту әзірге ертерек сияқты. Бұл сала бойынша ана тілінде жарық көрген оқулықтар саусақпен санарлық қана. Академик Н.Т.Сауранбаев семантика заңдарын бес түрге бөледі: а) қарама-қарсылық заңы; ә) ат ауысу заңы; б) ұқсату заңы; г) бөлшектің тұтастану заңы; ғ) қызмет заңы; [7]

Тіліміздегі байырғы сөздердің мағыналары туралы ғылыми зерттеу жазған ғалымдарымыздың бәрі осы заңдылықтарды басшылыққа алыш отырған. Біз де осы заңдылықтарға сүйеніп талдау жасап отырмыз. Ұлт тілінің лексикалық қорындағы кейбір сөздер жаңа қолданысқа түсіп, терминдік мәнге ие болғанда түрлі жанғырығу құбылыстарына ұшырайды.

Ғылым өзінің бүкіл жасалу тарихында тілдің метафоралық когнитивтік мүмкіндіктерін пайдаланып келеді. Техника терминдерінің бірқатары метафоралану тәсілі арқылы жасалған. Мысалы, айдау қақпағы, қалқан, қасық бұрғы, сақтандырғыш сақина, қармағыш өрмек т.б. Аталған сөз тіркестері тілдегі жалпы қолданыстағы лексиканың қызмет ұқсастығы арқылы метафораланып, терминдік ұғым беретін сөзге айналғанын байқау қиын емес. Мысалы, сақтандырғыш сақина зақым келтіруден сақтандыратын сақина, құбыр қамыты /болатпен қысып қоятын жарты шар тәрізді екі темір пластинкадан тұратын құрал/ - тұрмыста қолданылатын бұйымдарға ұқсатудан, салыстырудан пішін ұқсастығы бойынша қалыптасқан термин.

Қорыта келгенде, айтарымыз қазақ терминологиясының қалыптасуы барысында ғылым салаларының қайсысында да төл тіліміздің байлығын пайдаланып, тіл шұбарлығынан сақтанғанымыз абзал. Тіл тазалығы- оның жасампаздығының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас [Текст] / — Алматы, Рауан, 1993. -43 б.
- 2 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. [Текст] / Алматы, 1998. -205 б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. [Текст] / Алматы, 1991. -350 б.
- 4 Айтбайұлы Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы [Текст] / Алматы, 1988.
- 5 Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері [Текст] / Алматы, Мектеп,1981 .
- 6 Реформатский А.А. Что такое терминология [Текст] / -М. 1970.
- 7 Сауранбаев Н.Т. Қазақ әдеби тілі және оның терми